

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,  
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

*2018 жылғы 14 желтоқсан*

**МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,  
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

*14 декабря 2018 года*

**MATERIALS**

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND  
TOMORROW**

Астана 2019

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

**Қ 17**

**Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина**

**Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы**

**А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова**

**Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.**

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 070 (063)**

**КБЖ 76.01**

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

**ISBN978-601-337-114-6**

# Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі<br>ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР .....  | 4  |
| РЫСБЕК Қыдырбек<br>ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....  | 9  |
| АХМЕТОВ Марат<br>СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....  | 12 |
| САСАЕВ Нұрғазы<br>ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....  | 14 |
| ҚАЙРАТҰЛЫ Б.<br>ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ<br>ҚҰНДЫЛЫҒЫ .....                                   | 16 |
| ТАЙЖАН Бақтияр<br>СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК .....   | 27 |
| ПЯТИБРАТОВ Анатолий<br>В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....   | 30 |
| ЫСҚАҚ Динара<br>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....  | 34 |
| ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы<br>СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ .....   | 39 |
| ЗУРАШЕВ Мереке<br>«SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС .....  | 44 |
| СҰЛТАНБЕК Назерке<br>ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА<br>ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ ..... | 49 |
| ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы<br>АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ .....    | 53 |
| МҰРАТ Айгерим<br>СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ<br>АРЕНЕ .....   | 56 |
| СЫБАНБАЙ Сәкен<br>ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....  | 59 |

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

|  |     |
|--|-----|
| СЫБАНБАЙ Сәкен<br>МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....   | 65  |
| ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна<br>СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....   | 67  |
| БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы<br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ ТАРИХЫ,<br>ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ..... | 70  |
| ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках<br>ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ<br>ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....                      | 75  |
| ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана<br>ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....  | 82  |
| МУХАМБЕТОВА В. К.<br>ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....   | 86  |
| ШӘКЕНОВА Шынар<br>ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК<br>КОММУНИКАЦИЯСЫ.....  | 89  |
| ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы<br>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН<br>ҚАЛЫПТАСУЫ.....                      | 92  |
| КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С.<br>ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ:<br>НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....  | 97  |
| ДИДИГОВА Мадина Магомедовна<br>ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА<br>ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....       | 102 |
| АЛЬКЕЕВА А.К<br>РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ<br>ОРГАНИЗАЦИЙ.....  | 104 |
| ДАНИЛОВ Александр Сергеевич<br>ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В<br>РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....                            | 108 |
| АЯГАНОВА Асель Агыбаевна<br>РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ<br>ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....                     | 112 |
| ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы<br>КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....   | 116 |

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

|   |     |
|---|-----|
| МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ<br>БАҒЫТТАРЫ ..... | 121 |
| ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ<br>БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ<br>ПУБЛИЦИСТИКАСЫ .....          | 129 |
| ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы<br>ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ .....                          | 132 |
| АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М.<br>БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ .....                                 | 137 |
| ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы<br>ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР .....   | 142 |
| БАБАЖАНОВА Дина Маратовна<br>«МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА<br>КАЗАХСТАНА.....     | 145 |
| КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы<br>АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....                         | 149 |
| ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель<br>PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....                                      | 154 |
| ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы<br>ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....                                  | 158 |
| АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы<br>НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ .....                                | 162 |
| МҰРАТ Самал<br>КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ .....   | 167 |
| НУРТУГАН Сәтжол<br>ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ .....  | 169 |
| ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы<br>«СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ .....   | 172 |
| МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна<br>КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?<br>.....       | 176 |
| КАЙКЕНОВА Мархаба<br>PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ .....   | 180 |
| АДАЙХАНОВА Ұлмекен<br>МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....  | 182 |

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Использование социальных сетей журналистами и спортсменами также влияет на популярность многих видов спорта. Баскетбол очень присутствует в социальных сетях. У двух третей игроков НБА есть аккаунт в Твиттере, а в финале 2014 года было 26 миллионов твитов.

Массовое принятие Твиттера и других платформ спортивной журналистикой отражает проблемы написания через социальные сети. Эти проблемы включают в себя необходимость быстрого получения новой информации, использование нескольких сред для производства контента, растущую конкуренцию со стороны других специалистов и необходимость поддерживать несколько учетных записей в социальных сетях одновременно.

Некоторые из результатов этого опыта включают растущее взаимодействие с читателями, слушателями или зрителями, создавая более личную связь. Взаимодействие с аудиторией через социальные сети может помочь журналистам в поиске наиболее популярных спортивных новостей. Это также может помочь спортивным журналистам продвигать свою собственную работу.

Нравится это или нет, социальные сети изменили способ, которым люди потребляют спортивные новости. Теперь взаимодействие со зрителями становится очевидной необходимостью для работы спортивных журналистов в такой конкурентной среде[3].

### Список использованной литературы

1. Спортивная журналистика в системе современной медиакоммуникации Шарков Ф.И., Силкин В.В., Лайшев Р.А. Коммуникология. 2018. Том 6. № 4. С. 60-75
2. How Social Media has changed the World of Sports Journalism By Heather Rule July 6, 2017. <https://nisonline.org/how-social-media-has-changed-the-world-of-sports-journalism/>
3. Sports Journalism in the Age of Social Media. Felipe Wasserstein April 12, 2017 <http://thecircular.org/sports-journalism-age-social-media/>

## «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС

### ЗУРАШЕВ Мереке

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының қызметкері*

Қазақ ақпарат құралдары арасында өзіндік орны бар, тамыры сонау тың игеру жылдарына кететін спорт басылымы – «Sport» («Қазақ спорты») газеті.

Басылым 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады.

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертен

Бірақ мен газеттің тарихына емес, онда жарияланған материалдардың жанрлық болмысына тоқталсам деп отырмын.

Отандық спорт журналистикасында БАҚ өкілдері барлық жанрда қалам тербейді. Мен зерттеу нысанына алған «Sport» газеті де бірнеше жанрды қамтиды.

Ендігі кезекте зерттеу нысанының негізі «Sport» басылымындағы корреспонденция жанрында жазылған материалдарына талдау жасасақ... Мәселен, Индира Байқонысова есімді автордың «Бүгінгінің компьютер құмар баласы «асық», «ләңгі», «қалашық» ойындарын біле ме?» атты мақаласы осы сөзіме дәлел.

Автор жазған еңбегінде, тамыры тереңге жайылып бара жатқан қазіргі қоғамдағы аса қауіпті жағдайды ескеріп, мәселенің шығу себеп-салдарын дәлелдеп отыр. Бұл сөзімді айғақтайтын...

«Үнемі компьютердің алдында тесіліп отыру, дене қимылының аз болуынан балалар арасында да түрлі дерттің өршіп бара жатқанын айтып, дәрігерлер де дабыл қағуда. Алайда... Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, мергендікке баулитын асық, ләңгі, қалашық секілді аула ойындары ұмытылып барады. Мәселенің мәнісіне тереңірек үңілсек, үлкендерге барып тірелетін сияқты. Өйткені немересі үшін жүрген жерінде асық жинап жүретін қарияларымыз азайды. Иә, айтса айтқандай – ақ, компьютерінді «шашатын», айпад дей ме, айфон дей ме, бүгінгі жаһанданудың жалына жармасқан жастар осы техниканың құлағында ойнайтыны мәлім... Уақыттың жоқтығын айтып, бөгеле бермей, тапжылмай отырып теледидар қарайтын балаңызды көк жәшіктің алдына үңілтпей, спортпен шұғылдануын қадағалаңыз, құрметті ата – ана...» [21].

Осы орайда автор тайға таңба басқандай үш тұжырымды айғақтаған. Біріншіден, дәл бұрынғы замандағыдай ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, үлгі көрсететін қарияларымыздың күрт азайғандығы. Екіншісі, өзіміздің осы техникаларға берілгеніміз соншалық, тіпті, тәуелді болып қалғанымызды айтса, біздің де салғырттығымыздан келешек буынның да осындай жағдайға жеткендігін ашына жазады. Үшіншіден, ата-ананың да үлкен рөл атақаратындығын қаперге сала білген.

«Мамандардың айтуы бойынша, қалашық, асық ойындары баланың көру қабілетін жақсартуға таптырмайтын ем. Ой өрісін дамытуға да себеп. Одан қалса, ептілікке, есепке үйретеді. Асықты дәлдегенде ми тамырлары кеңейіп, жұмысы жақсаратын көрінеді. Қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері оянып, ми тынығады. Ал қалашық ойыны баланы жүйріктікке, ептілікке үйретіп, көзін қырағы етеді.

Дей тұрғанмен, жоғалып барады деп жылана беруге де болмас. Бүгін де бұл ойын түрлеріне жаңаша бетбұрыс пайда болды. Тұрғындардың арасында кең көлемде насихаттау жұмыстарын Жамбыл облысы әкімдігінің денешынықтыру және спорт басқармасы қолға алып отыр. Ойындар 3 кезеңмен ауыл, аудан, облыс көлемінде ойнатылып жатыр. Бұл арқылы тұрғындарды бұқаралық спортқа кеңінен тарту,

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертен

насихаттау жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, өшіп бара жатқан ойын түрлерін қайта жаңғыртып отырған спорт басқармасы нақты іске кірісіп те кетті».

Автордың әр бір айтқан сөзінің жаны бар. «Анау жоқ, мынау жоқ» деп босқа сөйлеп жүре бермей, бүкіл істің бастауы тек қана өзіңізге байланысты екенін және де белді бекем буып кірісетін болсаңыз еңбектің жемісін көретініңізді айтқысы келген.

«Президент айтпаса, саусағымызды да қимылдатпаймыз-ау, осы» атты мақаласында Дүрәлі Дүйсебай есімді ағамыз дәл осы корреспонденция жанрында қалам тербеп отыр.

Автор жазған дүниесінде, Елбасымыздың рөлі мен беделін, халық үшін аянбай тер төгіп, қаншама жұмыстарды шырылдап атқарып жүргенің, оның ішінде әр жолдауында спорт саласына айрықша көңіл бөлініп отыратының, «Президент талап етіп отырған тапсырмаларды тыңғылықты орындап жүрміз бе?» деген сауалды өзімізге қоя отырып, дөп басып жазған. Бір қарап назар салайықшы!!!

«Елдің Елбасының іс-қимылына, үлгі-өнегесіне қарап бой түзейтіні анық. Бұл – жазылмаған ақиқат. Ал біз қалай етіп жүрміз? Шүкір, Президентіміз – халқына қай жағынан да үлгі бола алатын тұлға. Бәрін айтпай-ақ қоялық. Бір спортты дамытуға қатысты айтқандары, әкімқараларға берген тапсырмалары, саламатты өмір салтын ұстануының өзі неге тұрады! Тиісті жерлерде сөйлеген сөздері мен кез келген Жолдауына көз жүгіртсеңіз, спортқа, оның пайдасына тоқталмаған кезі жоқ» [21].

Нұрсұлтан Әбішұлының қарамағында отырған басшылардың өздеріне жүктелген міндеттерін толық атқармайтындарын аңғарып, бұны тек автор, өзі ғана байқағанын жазбай, біздің Президентіміз де бұл жайында жақсы білетінің дәлелдеп отыр. Бұлай айтудың себебі, «Сөз айтылған кезде апыл- ғұпыл шаралар алынады да, уақыт өте ұмытыла бастайды. Осыны сезінетін болуы керек, Мемлекет басшысы ақпақұлақтардың есіне тағы да сала қояды».

Автор материал арқылы оқырман қауымға Елбасымыздың айтқан өнегелі сөзін де назардан тыс қалдырмай ұсынған.

«Егер ер-азаматтар менің өмір сүру салтымды қолдаса, дені сау адам көбейе түсер еді. Өз Президенттеріңіздің өзгелерден әлдеқайда жақсы көрінуін қалайтындықтарыңызды білемін. Сондықтан да өз басымды ұдайы сақтап жүруге тырысамын. Жас келген сайын бұлай ету оңай емес, әрине. Әйелдер қалайда мұндайдан айналып өтудің жолын тауып жатады. Ал біз олай ете алмаймыз... Бірақ адамның көңілі қартаймайды, денесі, яғни оның сыртқы қабы ғана көнереді».

Таза көңілмен пәк жүректен шыққан ғибрат сөз. Ел басшысының айтқан сөзіне көз жүгірте отырып, мынадай бір ойға келесін, әйел адамдардың көбі сұлулыққа көңіл бөлсе, ер адамдар міндетті түрде спортқа көңіл бөлуі қажет, себебі, өзінің денсаулығы үшін де спортпен



## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

айналысуы тиіс, болашақ ұрпақтың қамын ойлап, елін – жерін қорғау үшін де денсаулық қажет емес пе? Жалпы тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін Дүрәлі ағамыздың жазғанынан таба аламыз.

«Рас сөз. Оны не үшін айтты дерсіз. Бүгінде көбісі әйелдерінің көлеңкесінен көрінбейтін жігіт-мігіттерді қайрап отырған сыңайлы. Сұңғылалық бұл. Өзіміз мұны неге ойламаймыз. Ойлайтынымыз мүмкіндігі болса, байлықты қарпып қалу, мүмкіндігі болса, тоқал алып тоқырайып қалу. Тоқал алу үшін де денсаулық, денсаулық болғанда да қажымас қайрат керек емес пе? Бай болдың, байлығыңның қызығын көру үшін де денсаулық, ұзақ ғұмыр керек емес пе? Әлде байлықты көріне алып кете ме?»

Алдымен байлықты емес, саулықты ойлау керек. «Бірінші байлық – денсаулық». Оны халық, Президент айтпаса да өзіміз ойлайтын кез жетті емес пе? «Денсаулықты сатып аламыз» дейтіндер көп. «Медицинаның адамға көмегі 12% ғана, қалғаны адамның өзіне байланысты» дейді Президент тағы да. Ендеше өзіңе өзің қарамасаң, яғни дұрыс тамақтанып, дұрыс жүріп – тұрып, денеңді өзін күтпесең, медицинаң мен ақшаң түкте емес. Ойлаң, ағайын».

Міне, осы жолдардың өзі айғақтап тұрған жоқ па?! Денсаулықтың қадірін. Қазақ халқы «Баққа да бап керек» дейді. Сондықтан өз денсаулығымызға күнделікті қарасақ ұтылмайтынымыз айдан анық.

Журналистің қалам тартқан «Жаяу жүрсең, ояу жүресің...» атты еңбегіне талдау жасайық...

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздегі барлық ауылдар құлдырады, жанармай бірде жетіп, бірде жетпейді, мал басына азық-түлік айырбасталған заман, совхоздағы техникаларды қолы жеткендер иеленіп, жағдайы келмегендер амал жоқ жаяу қалуға тура келді. Осы себептерден ауыл тұрғындары бір айлық еңбекақыларын алу үшін совхозға 7-8 шақырымдық жол жүретін. Әйтеуір сол кездегі күйбең тіршілік. Бұл бейнеттен, дәлірек айтсақ, жаяу жүргеннен адам денсаулығы нашарламайды, қайта тұла бойға қан жүгіріп, он екі мүшен еркін тыныс алып, шыныға түседі. Жол жөнекей табиғаттың тылсым дүниесіне тап боласыз, табиғатпен сырласып, мұндасып күй кешесіз, көкірегіңіз ояу көзіңіз ашық болады. Жаяу жүргеннің қаншалықты пайдасы барын ары қарай өзіңіз ойлап тұжырым жасай беріңіз... Өзіміздің бас қаламызда тұрсақта басқаларға үлгі болатындай салауатты өмір салтын ұстана бермейміз. Автордың осы тақырыпты қоя отырып сөз өрнегін өрнектеп отырғандағы мақсатының бірі, осы болса керек. Журналист өз еңбегінде қала тұрғыны, әрі әкімі саналатын Ахметжан есімді азаматтың игі істерді бастап отырғанына тоқталып, халыққа және барлық басшыларға үлгі болсын деген ниетпен газетке жариялаған. Материалға үңілейік...

«Осы әкімнен үйренетін нәрсе көп. Осы әкім деп отырғанымыз, Ахметжан Есімов. Өзі «әйелінің үйінде жүрсе» де, ойы сергек, жұмысы тартымды. Елге сүйкімді. Бұл кісінің алматылықтарға үйреткені де,

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

үйретері де көп. Қала азаматтарын өзі бас болып жүріп «шайтан арбаға» мінгізді. Сергек болуға үнемі назар аударып келеді. Таяуда мәшине жүретін жолды азайту туралы әңгіменің шетін қылтитты. «Жеке көліктерді сыртқа ығыстырыңдар, қала тұрғындары қоғамдық көлікпен немесе жаяу жүрсін» [22].

Халық үшін Ахметжан ағамыз секілді бастамшыл басшылардың көп болғаны дұрыс қой. Автордың пікіріне көз жүгіртсек...

«Ойы жақсы-ақ, ұсыныс та дұрыс. Қазір таяқ астам жерге мәшинемен барамыз. Түсе сала жұмысқа кіреміз. Отырып жұмыс істейміз. Кешке қайта шығамыз да көлігімізге қонжиып, үйге тартамыз. Жаяу жүру аз, қан қозғалмайды, іс – қимыл жоқ. Біз ауырмағанда, кім ауырады? Біз семірмегенде кім семіреді? Бұл жағынан келгенде әкім өте игілікті іске жол ашып отырған сыңайлы. Егер осы іс жүзеге асса».

Айтса айтқандай-ақ, өзімізбен өзіміз арпалыспаймыз. Тек қана «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргенді біразымыздың қалайтынымыз анық. Осы орайда Шәкәрім Құдайбердіұлының «Біреудің мінін тергенше, жамандығын көргенше. Өз ойыңды мазалап, өз бойыңды тазалап. Өзіңмен күрес өлгенше» деп айтқан сөзі еске түседі. Автор жазған еңбегіне урбанист ғалым Ян Гейлдің Копенгагенді зерттегенің нысанға алады.

«Жалпы, Алматыны абаттандыру мәселесін даттың белгілі урбанист ғалымы Ян Гейл жан-жақты зерттеген екен. Ол өзінің туған қаласы Копенгагенді мысал етеді. Онда автомобиль 10-ақ пайыз. Бұл ретте қала тұрғындарының 37% -ы белесебетпен жүрсе, 33% -ы қоғамдық көлікке үйір. Тек 5% -ы ғана екі аяққа үміт артады».

Ақпараттық жанрларға журналист қойған сұраққа белгілі бір тұлғаның жауабына деген қоғамның қызығушылығын туғызатын сұхбат жанры жатады.

Басылым тілшісі Мәдина Асылбектің «Аяқ-қолы бүтін, дені сау бола тұрып, өзіне берілген мүмкіндікті пайдалана алмайтындарға жаным ашиды» атты сұхбат материалына тоқталайық...

Тағдыр тауқыметін көп көріп, қиындыққа мойнымай, аяғына нық тұрып, бар шыдам, сабырын, құрыштан құйылған жігер күш – қайратын бойына сіңіріп, қамшының сабындай қысқа ғана өмірін бағалай білген, біріне бауыр, біріне аға болып жүрген азаматтардың бірі Жалғас Тайкенов. Бәрімізге үлгі болатын ерлік жасап, дәлелдеп те жүр, осыдан біз үлкен сабақ алуға тиіспіз. Дегенмен де автордың мына бір жазғанына зер салайықшы!!!

«Алла адамзатты тең қылып жаратады. Бірақ Жаратқанның бізге берер сынағы әр түрлі. Біріміз оны тік тұрып қабылдасақ, енді біріміз аз ғана қиындыққа төтеп бере алмай, қоғамнан теріс айналып, тонымызды отқа өртей бастаймыз. Жеңілу, беріле салу қашан да оңай көрінуі мүмкін. Бірақ, оның арты қайғылы. Ал сынаққа абыроймен төзіп, мойымағандардың болашағы жарқын. Дегенмен олар ілуде біреу» [21].

## Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Журналист сұхбаттан бөлек әңгімеге арқау болып отырған кейіпкердің бастан өткерген ауыр кезеңдеріне біршама тоқталып өтеді. «Біз бүгін сол аз топтың бірегей өкілі туралы сөз қозғамақпыз. Бүгінде жасы 18 – ге тола қоймаған Жалғас Тайкенов өмірінде аз қиындық көрген жоқ. Бес жасында жол – көлік апатына ұшыраған, ол денсаулығын қалпына келтіру үшін көп ота жасатқанымен, өкінішке қарай, дәрігерлер оның сол аяғын аман алып қала алмады. Осыдан соң оның мүмкіндігіне шектеу қойылғандай көрінген. Бірақ бәрі керісінше болды. Өмір сүруге екінші рет мүмкіндік берген Аллаға шүкіршілік етіп, кедергілермен күресуге білек сыбана кірісіп кетті. Қазір соның жемісін көре бастады. «Бұл басы ғана» дейді кейіпкеріміз. Кезінде көше спортынан бастап бүгінде ескек есуден Қазақстанның паралимпиада құрамасының жалғыз өкілінің мақсаты да биік».

Бір жағынан бұл әдіс те орынды, себебі, сұхбатты оқымас бұрын оқырман қауым әңгімеге арқау болып отырған кейіпкермен толық танысуы қажет. Екінші қырынан автордың осылай ұсынып отырғаны Жалғастай азаматтан басқалар үлгі алсын, үшінші тәсілі жасөспірімді мақтан етіп отыр. Сұхбат барысында Жалғастың ес білгелі спортқа қызыққаны, жол апатынан соң үйден бір жарым жыл шықпай және отбасы мүшелерінен ағасының спортқа деген ерекше ықыласы, інісінің шабытын одан әрі арттырғанын, көше спортынан бастап ағасымен бірге белтемірге тартылғаны бәрі қаз – қатар жіпке тізіліп баяндалады.

Сұхбатты тәмәмдаған соң қазақ ұлтының мақтанышы, бес арыстың бірі Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты мен жастарға сенемін» деген асыл сөзі көкейімізге оралады. Дәл осындай ұлымыз Жалғас Тайкенов. Бұл айтып отырғанымыз еш артық емес. Себебі, Жалғас бұған әбден лайық! Автор, жазған еңбек атауына Жалғас Тайкеновтың сөзін тақырып етіп алғаны, бекерден бекер емес.

Көзімізді ашып, қоршаған ортамызға жан- жақты, байсалды әрі мұқият қарасақ, бізге үлгі бола алатын тұлғалар, Аллаға шүкір бар! Жоғарыда сөз болған Жалғасты тұлға ретінде қабылдауымыз қажет. Жалғас және де Жалғас сияқты пенделер өздері олай ойламаса да, біз оларды тұлғалар қатарына жатқызуға тиіспіз. Өйткені олардан үлгі алып, үйренетіміз көп.

---

[21]. Байқонысова И. Бүгінгінің компьютер құмар баласы «асық», «ләнгі», «қалашық» ойындарын біле ме? // Дүйсебай Д. Президент айтпаса, саусағымызды да қимылдатпаймыз – ау осы // Асылбекқызы М. Аяқ – қолы бүтін, дені сау бола тұрып, өзіне берілген мүмкіндікті пайдалана алмайтындарға жаным ашиды // Sport № 11 – 12, 17.03.2015.

[22]. Дүйсебай Д. Жаяу жүрсең, ояу жүресің... // Sport № 26, 30.06.2015.